


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КӨЛІК – ЭНЕРГЕТИКА ФАКУЛЬТЕТІ**



***«КӨЛІК ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ» XI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАР
ЖИНАҒЫ***

***СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ: «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРАНСПОРТА И
ЭНЕРГЕТИКИ: ПУТИ ИХ ИННОВАЦИОННОГО РЕШЕНИЯ»***

***PROCEEDINGS OF THE XI INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICE
CONFERENCE «ACTUAL PROBLEMS OF TRANSPORT AND ENERGY:
THE WAYS OF ITS INNOVATIVE SOLUTIONS»***

Астана, 2023

УДК 656+620.9
ББК 39+31
А43

Редакционная коллегия:

Председатель – Курмангалиева Ж.Д. Член Правления – Проректор по науке, коммерциализации и интернационализации; Заместитель председателя – Кокаев У.Ш. декан транспортно-энергетического факультета, к.т.н., доцент; Султанов Т.Т. – заместитель декана по научной работе, к.т.н., доцент; Арпабеков М.И. – заведующий кафедрой «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта», д.т.н., профессор; Тогизбаева Б.Б. – заведующий кафедрой «Транспорт, транспортная техника и технологии», д.т.н., профессор; Байхожаева Б.У. – заведующий кафедрой «Стандартизация, сертификация и метрология», д.т.н., профессор; Сакипов К.Е. – заведующий кафедрой «Теплоэнергетика», к.т.н., доцент; Жакишев Б.А. – заведующий кафедрой «Электроэнергетика», к.т.н., доцент.

А43 Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения: XI Международная научно – практическая конференция, г. Астана, 16 марта 2023/Подгот. Ж.Д. Курмангалиева, У.Ш. Кокаев, Т.Т. Султанов – Астана, 2023. – 709с.

ISBN 978-601-337-844-2

В сборник включены материалы XI Международной научно – практической конференции на тему: «Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения», проходившей в г. Астана 16 марта 2023 года.

Тематика статей и докладов участников конференции посвящена актуальным вопросам организации перевозок, движения и эксплуатации транспорта, стандартизации, метрологии и сертификации, транспорту, транспортной техники и технологии, теплоэнергетики и электроэнергетики.

Материалы конференции дают отражение научной деятельности ведущих ученых дальнего и ближнего зарубежья, Республики Казахстан и могут быть полезными для докторантов, магистрантов и студентов.



ІШКІ АУДИТ – ӨНІМ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛЫ

Килибаев Е.О., Абдикадыр А.Ж., Керлібек Д.Е.

1k.e.o_77@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ "Стандарттау, сертификаттау және метрология" кафедрасы

Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында елде мемлекеттік аудиттің ең озық әлемдік тәжірибесін негізге ала отырып кешенді жүйе құрастыруды міндеттенді [1].

Авторлар [2] мақаласында қазіргі іскерлік ортада фирмалардың технологиялық өзгерістердің мүмкіндіктерін барынша пайдалану тәжірибесі көрсетілген. Бұл жағдай ішкі аудит қызметі құзыретті болып қалу және оның ұйымына пайдасын тигізу үшін үнемі жаңарып отыру керек дегенді білдіреді, демек, мақала тақырыбының өзектілі даусыз. Бүгінде ішкі аудиторлар корпорациялар мен ұйымдарда, сондай-ақ жеке өмірінде бақыланбайтын жаңа технологиялардың үнемі өсіп-жетілуін байқап отыр.

Б.А. Алибекова, Д.Б. Джаксылыкованың мақаласында Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудиттің нормативтік-құқықтық реттелуінің екінші деңгейі, яғни мемлекеттік аудиттегі стандарттар жүйесі, оның ішінде халықаралық және отандық стандарттары қарастырылған. Жаһандану жағдайын ескере отырып жаңадан қалыптасып келе жатқан отандық стандарттар жүйесінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады[3].

Мақаланың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығын құрайтын «Үлкен деректер», бұлтты есептеулер, мобильді құрылғыларды, әлеуметтік желілерді пайдалану технологиялардың ең соңғы үрдістері болып табылады, олар шекараны бұзып, бизнестің мәнін өзгертеді. Сондықтан бүгінгі күні инновациялық ойлау өте маңызды. Демек, ішкі аудит әрдайым дамуда. Бұл үдерістер жағдайлардың өзгеруіне қарай жылдам өзгеру үшін бейімделуі және ашылуы мүмкін. Бұл тексеру мүдделі тараптардың өзгертін қажеттіліктеріне бейімделу үшін жұмыс жасаудың перспективті жолдарын табады.

Уақыттың бұл талабы ұйымның ішкі аудит бөлімшесінің басшысы үшін өте маңызды, ол оның технологияны кеңінен енуімен туындаған екі маңызды мәселеге нақты және барабар жауаптар талап етіп отыр: ақпараттық технологиялардың қаншалықты қауіпсіз екендігі және олар тиімді және ұйым мақсаттарына, ішкі саясатына сәйкес. Оларға жауап беру үшін ішкі аудит бөлімінің басшысы ақпараттық технологиялар саласындағы терең сарапшы болу керек емес, бірақ егер ол өзін құзыретті менеджер деп есептесе, ол оларға сенімді болуы керек. Ішкі аудиторлар, егер оларда технологиялық фокус, білімі мен дағдысы болмаса, жоғары технологияларды терең ендіру жағдайында басшы мен басқаруға сенімді кепілдіктер мен бағалы кеңестерді қалай ұсына алады? Ішкі аудиторлар үнемі технологиялық инновациялардан қалыс қалмауы керек. Жаңалықтар күн сайын өзгереді және қайта жаңартылады, ал ішкі аудиторлар өз акционерлеріне пайда табу үшін «Толқындардың шыңында» қалуы керек[4].

ҚР СТ ISO 19011-2019 Аудит жүргізу тарауда аудит бағдарламасының бөлігі ретінде нақты аудитке дайындалу және оны жүргізу бойынша нұсқаулық қамтылады.

Аудит жүргізу кезінде ақпаратты жинау мен тексерудің типтік процесі келесі[5]:



Қазақстандық астықтан жоғары сапалы және қауіпсіз өнім өндірумен айналысатын кәсіпорында менеджмент жүйесіне (бұдан әрі – МЖ) талдау жүргізілді. ішкі аудит 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде жүргізілді.

Кәсіпорынның ДП СА 02-20 «Ішкі аудит» ішкі аудиттің бекітілген жылдық кестесінің құжатталған тәртібіне сәйкес ішкі аудит жүргізілді.

Ішкі аудиттер барысында ISO 9001 және ISO 22000 талаптарына сәйкес емес 16. Оның ішінде - 4 ISO 9001 талаптарына сәйкес келмейтіні, - 12 ISO 22000 және FSA талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды.

Қайталанатын сәйкессіздіктерді талдау келесілерді көрсетті: 7.5 тармақ құжатталған ақпарат, 7.1.3 тармақ инфрақұрылым, 8.1 тармақ қызметті жоспарлау және басқару сәйкессіздіктер саны бойынша ішкі аудит есептері бойынша ең жиі шығарылатын құрылымдық бөлімшелер болып табылады. Кестеде 2021 жылға арналған айлар бойынша бөлінетін сәйкессіздік түрлерінің жалпы қысқаша мазмұны көрсетілген.

Кесте - 2021 жылға арналған айлар бойынша бөлінген сәйкессіздіктер түрлері бойынша жалпы жиынтығы

Сәйкессіздік түрі	айлар												Барлығы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
Дератизация/дезинсекция								1					1
Жүктырғандардың саны													
Қоғамның ішкі саясатының болуы (арнайы киім, зергерлік бұйымдар, темекі шегу)	1									1	1		3
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу (өрт сөндіргіштер, өрт қалқаны, ақпараттық стенд)				39	11								50
Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі саласындағы талаптарды бұзу												9	9
Санитарлық жағдай (материалдық құндылықтарды таңбалау, цех пен жабдықтарды тазалау)									1	3			4
Құжаттарды және құжаттарды басқару									2				2
Сәйкестендіруді сақтамау			1										1
Жалпы жиыны	1		1	39	11			1	3	4	1	9	70

2021 жылы барлығы 70 сәйкессіздік анықталды, оның ішінде негізгі сәйкессіздіктер (сурет): Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу – 39 (сәуір); Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзу – 11 (наурыз); Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі саласындағы талаптарды бұзу – 9 (желтоқсан).

МЖ жетілдіру бойынша ұсыныстар

Ішкі аудит нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер сапа бөлімімен тіркеліп, оларды жою бойынша түзету шаралары әзірленді және бақылау күшейтілді, жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсыныстар берілді:

- тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі саласындағы саясатты қайта қарау;
- өндірістік бөлімшелердің басшылары өндіріс орнында жалпы технологиялық және санитарлық талаптардың орындалуына бақылауды күшейтсін;
- өндірісте пестицидтерді қолдануға тыйым салу;
- шикізаттарды енгізуді бақылауды күшейту.



Сурет – 2021 жылға сәйкессіздіктердің саны

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 14 желтоқсандағы Жолдауы –URL: <http://adilet.zan.kz> (Қарастыру күні: 14.11.2018 ж.)
2. Түребаева Ж.К., Сейтбекова С.Т., Абдикулова Д.Б. Ішкі аудит жүйесіндегі инновациялар // Оңтүстік Қазақстан ғылым жаршысы.- 2022. –161-166 б.(<https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/03/18/33-...-161-166.pdf>).
3. Б.А. Алибекова, Д.Б. Джаксылыкова Мемлекеттік аудиттегі стандарттар жүйесі // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы.-2019. № 1. - 37-48 б.
4. Утешева Д.Т. Шегурова В.П. Внутренний аудит: проблемы и перспективы развития // Молодой ученый. 2013. № 7. С. 255-257.
5. ҚР СТ ISO 19011-2019 Менеджмент жүйелерінің аудиті бойынша басшылық нұсқаулар.